

# **К ПОСЛАНИЮ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А. НАЗАРБАЕВА «КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ – 2050: ЕДИНАЯ ЦЕЛЬ, ЕДИНЫЕ ИНТЕРЕСЫ, ЕДИНОЕ БУДУЩЕЕ»**

---

---

**УДК 330 (338)**

*C.C.ЕСПАЕВ,*

*ҚР БFM Экономика институтының директоры, з.з.д*

*ҚР БFM Экономика институты, Алматы қ.*

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФЫЛЫМҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ: ФЫЛЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ**

**Аннотация.** Фылыми мақаланың мақсаты – Қазақстанда фылымға негізделген экономика құрудың тетіктерін ұсыну. Фылымды дамыту және оны инновация мен индустрIALIZАЦИЯмен ұштастырудың әлемдік тәжірибесі зерттелген. Сонымен қатар, мақалада фылым мен инновацияны реттейтін ҚР Зандарына ұсыныстар жасалынған. Автор фылым мен кәсіпкерлік арасындағы алшактықты жою, фылыми зерттеулерді нарыққа шығару мен өндіріске енгізу, инновациялық-технологиялық кластерлерді қалыптастыру, шетелдік технологияларды енгізу дін Ұлттық агенттігін құрудың жолдарын ұсынады. Атапмыйш ұсыныстарды фылым мен инновацияны мемлекеттік басқару саясатында, заң шығару саласында кеңінен қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** фылым, инновация, фылымға негізделген экономика, индустрIALIZАЦИЯ

**Ключевые слова:** наука, инновация, экономика основанная на науке, индустрIALIZАЦИЯ.

**Keywords:** science, innovation, economy based on science, industrialization.

Ел Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Жолдаудында келе жатқан онжылдықта аландарлық мәселелер мен күтілмеген жағдайлар, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы жаңа дағдарыстар аз емес екендігі туралы көрсетілген. XXI ғасырда «женил серуенниң» болмайтыны анық. XXI ғасырдың үштен екісі сөз жоқ күрделілеу, ал ғаламдық Топ-30 тізіміне үміткерлердің саны шектеулі болады. Осылай орай, мемлекет басшысы ЭҮДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық пен даму үйімі) бірқатар ұстанымдары мен стандарттарын Қазақстанға енгізу бойынша мақсаттар койды. Ең бастысы – фылымға негізделген экономика үлгісін қалыптастыру, ол Қазақстанның экспорттық әлеуетінде дайын өнімнің үлесін 70%-ға дейін арттыру мақсатын көздейді. Сонымен қатар, жаңа жоғары технологиялық салаларды құру фылымды 1ЖӨ-нің 3%-нан кем емес қаржыландыруды, энергия жұмсауды 2 есе төмөндөтуді және енбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін көтеруді талап етеді.

Мемлекет басшысы көрсеткендегі – бізге келесі басым бағыттар бойынша бірқатар міндеттерді шешуіміз керек. Біріншіден, инновациялық индустрIALIZАЦИЯның трендін түзету мен күшету және оны үдемелі индустрIALIZАЦИЯ-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығын жасау барысында ескеру. ИндустрIALIZАЦИЯның басымдықтарының санын шектеу керек. Қазақстандағы кәсіпкерлікте, ең алдымен шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барынша қолайлы жағдайлар жасау жұмыстың негізі өзегі болады. Келе жатқан 10-15 жылда фылымға негізделген экономикалық негіз жасауымыз керек, онсыз біз әлемнің дамыған елдерімен бір қатарға тұра алмаймыз. Бұл дамыған фылымның көмегімен шешіледі. Фылымға негізделген экономика құру – бұл, ең алдымен, қазақстанның фылымның әлеуетін көтеру. Атапмыйш бағыт бойынша қаржыландыруды, интеллектуалдық мешікті қорғау, зерттеу мен инновацияларды қолдау, сонымен қатар, фылыми зерттемелерді нарыққа шығару заңнамаларын жетілдірген жөн. Елге қажет нақты зерттемелер мен жаңалықтары үшін фылымды кезеңімен қаржыландыруды арттырудың нақты жоспары керек.

Осы орайда, отандық инновациялық саясат әлемдік тәжірибеде туған көптеген бағыттардың қамтитынын атап өту керек. Алайда, көптеген қолға алынған шаралар тиісінше нәтиже бермейді, себебі жеке кәсіпкерлікті инновациялық қызметке тарту қыын. Ең курделісі – ұлттық кәсіпкерлікке ғылыми зерттеулер мен инновацияны қолдаудың қажет екендігін ұғындыру қыын. Сондықтан Жолдауды жүзеге асуру үшін ғылым мен кәсіпкерлікті инновацияға жұмылдыру үшін тәмендердегідей кешенді шаралардың маңызы зор:

**1.** Кәсіпкерліктің инновацияға қатысуын ынталандыру мақсатында шет елдік инвесторлардың Қазақстан ғылыминың дамытудағы рөлін арттыру керек. Шет мемлекеттерде ғылымға жұмсалатын жалпы қаржының 20%-ы шетелдік көздердің үлесіне тиесілі. Қазақстанда шетелдік инвесторлардың үлесі 1–2 %, ал негізгі капиталдағы шетелдік инвестицияның тиісті үлесі 20%-дан 30%-ды құрайды. Шет елдік инвесторлар өндірістік компаниялармен ғана емес ФЗИ-мен де келісімшарттар жасауды тиіс.

**2.** «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңына енгізілген қосымшаларға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар жылдық жиынтық табысының 1%-ын ФЗТК (Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық) жұмыстарға аударуы туралы міндеттемелер анықталған. Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің бағалауынша жер қойнауын пайдаланушылардың ФЗТК жұмыстарды қаржыландыруды 250 млн. долларға дейін өседі. Сондықтан, инновациялық циклдың кез келген кезеңінде технология алмасуды қаржыландыратын ғылыми-техникалық және инновациялық жүйе арқылы қаржылық ресурстарға қол жеткізуіді көңітү керек. Ол үшін инновациялық циклдың барлық сатыларынан өтетін кәсіпкерлік-жобаларды қамтамасыз ету үшін қорлардың желісін көңіткен жөн. Соның ішінде, Технологиялық даму корын құруды қарастыру керек, ол бекітілген аударымдардың үлесі есебінен қалыптасады, мысалға өндірістік кәсіпорындардың корпоративтік табысының 0,5%-ы.

**3.** Зерттеушілік және кәсіпкерлік орта арасындағы алшақтықты жоюды көздеу керек. Атальыш проблема елде кластерлер, технопарктер, венчурлық қорлар құру арқылы шешіледі. Бұл дұрыс, бірақ жеткіліксіз. Кешенді шаралар қажет. Әсіресе, зерттемелерді нарыққа шығарумен, патенттеумен және лицензиялаумен, консалтинг, инновацияның маркетингісімен, интеллектуалдық меншікті басқарумен айналысадын технологиялық дедалдар институтын қалыптастырудың маңызы жоғары.

**4.** Ғылымды қаржыландыру. Тек қаржыландыру арқылы ғылымды дамытудың мәселелерін шешу мүмкін емес. Бұл тұста жүйелі және кешенді шаралар қажет, сондықтан «Ғылым туралы» ҚР Заңына тиісті толықтырулар енгізуіді ұсынамыз (Кесте-1).

#### **Кесте -1. «Ғылым туралы» ҚР Заңын жетілдіруге байланысты ұсыныштар (жоба**

##### **23 - бап. Ғылыми қызметтің нәтижесі**

Ғылыми қызметтің нәтижесіне: жаңғырту мен (немесе) тәжірибелік қолдануға болатын, кез келген формада баяндаптандырылған немесе кез келген материалдың ақпарат тасымалдаушыда бекітілген теориялық немесе тәжірибелік жолмен алғынған жаңа білімдер; объектілердің тәжірибелік (зертханалық) үлгілері және жаңа білім негізінде жасалынған үдерістер, сонымен қатар сол объектілер мен үдерістердің құжаттамасы жатады.

Ғылыми қызметкердің (уақытша ғылыми ұжым, ғылыми ұйымның) қызметтің нәтижелері соңғы, аралық және қосалқы болуы мүмкін.

Соңғы сипаттағы ғылыми қызметтің нәтижесіне келісімдер мен қызметтік тапсырмалармен қарастырылған ғылыми зерттеулердің нәтижесі ретінде алғынған немесе жасалынған білімдер және (немесе) объектілер жатады.

Қосалқы сипаттағы ғылыми қызметтің нәтижелеріне келісімдер мен қызметтік тапсырмаларға сәйкес, бірақ бұл құжаттармен қарастырылмаған және келісім немесе қызметтік тапсырмада келісілген мақсаттардан айырмашылығы бар мақсаттарда ғана қолдануға жарамды ғылыми зерттеулердің үдерісінде немесе нәтижесінде алғынған немесе жасалынған білімдер және (немесе) объектілер жатады.

##### **Келесі редакцияда жаңа 24-баппен толықтыру:**

##### **24 – бап. Ғылыми-техникалық ақпараттың жүйесі**

а) Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың бір бағыты ғылыми-техникалық ақпаратты қолдау мен дамыту болып болып табылады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен: ғылыми-техникалық ақпараттың барлық түрлерін жинау мен өндеудің орталық және территориялық желісін дамытуды қамтамасыз ету; ғылыми-техникалық ақпараттың және ақпараттық қызмет көрсетудің сапасын жогарылату бойынша шаралар қолға алынады; заманауи ақпараттық технологиялар, ақпараттық жүйе мен желілерді құруды ынталандыру, коммуникациялық жүйелерді дамыту қамтамасыз етіледі; ғылыми-техникалық ақпаратты жасау, иемдену және таратуды қаржылай қолдау жүргізіледі.

ә) Өндірістік кәсіпорындардың зерттеулерінің нәтижелері, кәсіпорындардың қажеттілігі мен оларды шешу жолдарын

қамтыған «Накты сектордың қажеттіліктерінің базасы» атты жаңа ақпараттық ресурс құру.

б) Жыл сайын ғылыми және технологиялық болжамдар, әлемдік және үлттық инновациялық нарықтың жағдайын, технологиялық дамудың болашагы мен жүргізілетін инновациялық саясаттың тиімділігіне(таңдаулы шетелдік және отандық сарашыларды тарту арқылы) талдау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу, және нақты ұсыныстарды, соның ішінде сәйкесінше нормативтік құқықтық актілерді жасау бойынша ұсыну.

в) Салалар мен аймақтар айырмасында инновациялық-технологиялық даму бойынша орталық және жергілікті орындаушы органдар, мемлекеттік компаниялар, үлттық холдингтер, ФЗИ мен ЖОО-лардың қызметіне рейтингтік бағалауды енгізу.

г) Үлттық компаниялардың, ірі қәсіпорындардың технологиялық дамуының белгілі бір деңгейіне қол жеткізуіндін міндеттері, сонымен қатар аталмыш үдеріске отандық ғылыми, инновациялық және өндірістік үйымдарды кірістіру мүмкіндіктері қамтыған экономика салаларын дамыту бойынша Технологиялық жоспар жасау; PR-стратегия, жастар және қәсіпорын жұмыспылары, қәсіпкерлер арасында байқаулар, семинарлар, көрмелер, конгрестер және т.б. инновация мен инноваторлар туралы халықтың жағымды пікірін тұбыншылауды қамтыған кешенде үтіг-насихат жұмысын жүргізу.

Мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттарды қолдану бойынша шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітіледі.

**5. Экономиканың барлық салалары бойынша жаңа идеялар, инновациялар, ғылыми зерттеулердің мәліметтерінің банкін жасауды және жүргілген зерттеулерге мониторинг жүйесін енгізуі ұсынамыз. Ол ушін барлық субъектілер мемлекеттік органдарға қаржыландыру үшін тіркеліп және өтініш бере алатында арнайы сайт ашылуы қажет. Қандай жаңа зерттеулер мен инновациялық технологиялар жасалып жатқандығын, оның бағасы қанша тұратындығын, оның нәтижелері мен енгізу жағдайы қандай екендігін білу керек. Елде ғылымды дамытудың басым бағыттарын анықтау қажет. Анықталған басым бағыттар туралы барлығы білуі тиіс, ал қаржыландыруды дәл сол зерттеулерге бағыттап және Салық кодексінде ғылыми зерттеулерге кеткен барлық шығынды, капиталдық шығынды қоса есептегендеге шегерістерге жатқызу керек. Соңда жеке сектордың ғылыми зерттеулерді қаржыландыруына ынталандыру жасалынады.**

**6. Технологиялық модернизация Қазақстанда жаһандық технологиялық революцияның уш негізгі кілт бағыттарын қалыптастырумен байланысты: биотехнология, нанотехнология және ақпараттық технологиялар. Сонымен қатар халықтың өмір сүру сапасын арттырумен байланысты жаңа технологиялар да назарға алу керек. 2020 жылға дейін технологиялық дамудың әлемдік болжамдарында көрсетілген 16 негізгі бағыттардың Қазақстанда кем дегенде бесеуін игерудін алғышарттары бар. Сымсыз байланыс технологиясын қолдану әбден мүмкін. Сонымен қатар, инновациялық серпінді секторларға АӨК (Агроөндірістік кешені), медициналық өндіріс, денсаулық сақтау салаларының тиімділігін жедел көтеретін биотехнологияларды дамытуды; спутниктік және көтерметалшықты байланыс, ұялы байланыс және т.б. заманауи жүйе негізінде ақпараттық инфрақұрылымды дамытуды жатқызуға болады.**

**7. Ғылыми-техникалық салада интеллектуалдық меншік объектілерін жасау, бағалау мен қолдануды ынталаныдыруға мүмкіндік беретін интеллектуалдық меншік объектілерін қорғау мен қолдануды қамтамасыз ету бойынша, сонымен қатар қәсіпкерліктің, оның ішінде үлттық компаниялардың ғылыми-зерттеу қызметке қатысуын біріккен ғылыми-техникалық бағдарламалармен жүргізуіндік механизмдерін енгізу, ғылыми жобаларды жартылай қаржыландыру және біліктілігі жоғары ғылыми және инженерлік кадрларды тарту жолымен кенейтудің нормаларын заңнамалық түрғыда бекітуді талап етеді.**

Ол ушін Қазақстанға жоғары технологиялық корпорацияларды тарту мақсатында қолайлы салықтық жағдайлар енгізу керек. Шетелдік технологиялардың көптеп келуіне қатысты шетелдік серіктестерге дайын тауардың «локализациясын» талап ету керек, сонымен қоса дайын өнімге компоненттері мен бөліктерінің прогрессивті көлемін «қазақстандық мазмұн» талаптарын енгізу қажет. Келісім шарт тіркеуі технология импортының негізгі әдісі болуы тиіс. Келісім шартта міндетті түрде шетелдік қызметкерлермен жүргізілетін ғылыми-зерттеулік үйымдардың талаптарымен таныстыру қажет.

**Негіздеме:** Технология трансфертінде Қытайда елде жұмыс жасайтын шетелдік корпорацияларды өздерінің технологиясымен, әсіресе әуе көлігінде, энергетика, жедел темір жолдары, IT және т.б. салаларда бөлісуін мәжбүрлеп, үнемі жаңа «ойын ережесін» өзгертіп отырады.

Қазақстанда технология трансфертінде машиналар және құралдарды жеткізудің үлесі көп, ноу-хау мен лицензияларды алу өте тәменгі деңгейде. Мысалы лицензияны иемденудегі қызмет көрсету төлемі 1-2% төңірегінде ғана.

Елбасы Жолдауында айтылғандай, бұл идеяларды жүзеге асыру бағдарламалық құжаттарды қайтадан қарауды талап етеді. Мазмұны мен толықтыруларына сәйкес жаңа сападағы мемлекеттік және салалық бағдарламалар сәйкес жобаларды жүзеге асыруға қатыстырылған жобалар мен ұйымдардың кәсіпкерлік жоспарының жынытығын қамтуы тиіс.

Шетелдік технологияларды иемдену бойынша әрекеттерді үшін арнайы Ұлттық агенттік құру ұсынылады. Оның негізгі атқаратын міндеттері: түрлі салалар үшін шетелдік технологияларға қажеттіліктерді анықтауға әрекеттестік жасау; технологияның альтернативті қайнар көздері туралы ақпараттарды алу мен талдауға көмектесу; технологияны бағалау мен таңдау жасауға әрекеттесу; тікелей және жанама шығындарды талдауда, технологияны жеткізу жағдайларының дұрыстығын бағалауда, шетелдік технологияны иемдену, бейімдеу және таратуда технология импортын жекеленген элементтерге бөлу.

**8. Инновациялық қызметтің критерийлері мен көрсеткіштерін қайта қарау керек, мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында және статистика мен талдауда қолдану үшін инновациялық өнімдердің белгілерін нақты анықтау қажет. Салалы және салааралық инновациялық саясаттың негізгі бағыттары келешектегі дамуы шынайы ұзак мерзімді және қысқа мерзімді, стратегиялық және тактикалық мақсаттары атқарылуы тиіс.**

**9. Ғылымға негізделген басқару жүйесі «ғалым – шенеунік – ғалым» ұстанымынан «кәсіпкерлік – шенеунік – ғалым – кәсіпкерлік» ұстанымына бағдарлануы тиіс. Ғылымды қаржыландыру құрылымын келесі пропорцияда өзгерту керек – фундаменталды зерттеу – 20%, қолданбалы зерттеулер – 30%, ТКЖ – 50%.**

Дамыған елдерде ғылымға негізделген экономика үдерісінің негізінде мынадай логикалық тізбек бар: ғылым → ғылымның (ғылыми-техникалық қызметтің) нәтижелерін қолдану арқылы жаңа технологиялар, машиналар, құрылғыларды жасау бойынша сынамалы-конструкторлық немесе сынамалы-технологиялық жұмыстар ғылыми-техникалық қызметтің (инновациялық қызметтің) нәтижесін коммерциализациялау.

**10. Жоғарыдағыларды ескере отырып, «Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет» туралы Занды жасау мен қабылдау керек. Ресейде «Ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы Федералдық Зан» және Украинада «Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет туралы Украина заны» бар екендігін атап өткен жөн.**